

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кредиттік бюролардың қызметі және кредиттік тарифты қалыптастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі N 572 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; 2004 жылғы 12 мамырда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1 5 8 - б а п т а :

тақырыпта "немесе банк құпиясын" деген сөздер ", банк құпиясын, кредиттік бюроның кредиттік тарих деректері базасынан алынған кредиттік есептердің мәліметтерін немесе ақпаратты" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзацта "немесе банк құпиясы" деген сөздер "құпия, банк құпиясы, не кредиттік бюроның кредиттік тарих деректері базасынан алынған кредиттік есептердің мәліметтері немесе ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертудің 1-тармағында "немесе банк құпиясы" деген сөздер "құпия, банк құпиясы, не кредиттік бюроның кредиттік тарих деректері базасынан алынған кредиттік есептердің мәліметтері немесе ақпарат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 167-1-баппен толықтырылсын:

"167-1-бап. Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарының талаптарын бұзу

1. Кредиттік бюроның Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарын бұзуы -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде

а й ы п п ұ л с а л у ғ а ә к е п с о ғ а д ы .

2. Ақпарат берушінің кредиттік тарихтың субъектісі туралы ақпаратты кредиттік тарихты қалыптастыру үшін кредиттік бюроларға беруі және (немесе) кредиттік есепті алушының ақпарат субъектісінің келісімінсіз кредиттік есепті беру туралы сауал беруі, сондай-ақ оны қате ресімдеу -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Ақпарат берушінің кредиттік тарих субъектісінен алған ақпаратты бұрмалауы - лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға - айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде, жеке кәсіпкерге айлық есептік көрсеткіштің бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 541-баптың бірінші бөлігі "163," деген цифрдан кейін "167-1 (екінші және үшінші бөліктерінде)," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 573-баптың бірінші бөлігі "158-1," деген цифрдан кейін "167-1 (бірінші бөлігі)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының жиырма төртінші абзацы "158," деген цифрдан кейін "167-1 (екінші және үшінші бөліктері)," деген сөздермен толықтырылсын.

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224, 225-кұжаттар; N 23, 416-кұжат; N 24, 452-кұжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-кұжаттар; N 21, 787-кұжат; N 22, 791-кұжат; N 23, 931-кұжат; N 24, 1066-кұжат; 2000 ж., N 10, 248-кұжат; N 22, 408-кұжат; 2001 ж., N 1, 7-кұжат; N 8, 52, 54-кұжаттар; N 13-14, 173, 176-кұжаттар; N 23, 321-кұжат; N 24, 338-кұжат; 2002 ж., N 2, 17-кұжат; N 15, 151-кұжат; N 19-20, 165-кұжат; 2003 ж., N 1-2, 2-кұжат; N 4, 25-кұжат; N 6, 34-кұжат; N 10, 50, 51-кұжаттар; N 11, 69-кұжат; N 14, 107-кұжат; N 15, 124, 128, 139-кұжаттар; 2004 ж., N 2, 9-кұжат; N 5, 27-кұжат):

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) кредиттік бюроның қызметі.";

2) 15-бап мынадай мазмұндағы оныншы бөлікпен толықтырылсын:

"Кредиттік бюроға лицензия беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңдарында айқындалады."

3. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар; N 15, 138, 139-құжаттар):

1) 34-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның кредиттік бюролардың деректер базасына қарыз алушы және жасалатын мәміле (қарыз операциясы) туралы мәліметтер, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпарат беруіне қарыз алушының жазбаша келісімінің болуы қарыз беру туралы шарт жасаудың міндетті талабы болып табылады."

2) 5 0 - б а п т а :

4-тармақтың бірінші бөлігінде "үшінші адамға" деген сөздер "кез келген үшінші адамға, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес берілген қарыздар бойынша кредиттік бюроға," деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың д) тармақшасындағы "прокурордың санкциясымен" деген сөздер алып тасталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті